# САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

**Жерді ғарыштан зерттеуде пайдаланылатын терминдер**

# Сөздерді есте сақтаңыз

# Сөз тіркестерін құрастырыңыз

- Топографиялық түсірім – топографическая съёмка
- Ғарыштық түсірімдер – космическая съёмка
- Аэротүсірімдер – аэро съёмка
- Жер мен күн – земля и солнце
- Даму тарихы – история развития
- Қазіргі заманғы – современное
- Бірнеше – несколько
- Жоғары температура – высокая температура
- Ауа – воздух

- Жер шары – на земном шаре
- Бұлттар – облако
- Құрылысы – строение
- Жер – на земле
- Тығыздығы – плотность
- Белгілі - известный
- Аспаптар көмегімен – с помощью инструментов
- Радиотолқын - радиоволна
- Түсіру желісі – съёмочный сеть

**Сұрақтарға ауызша және жазбаша жауап беріңіздер.**

- Ғарыштық түсірімдер деп нені айтамыз ?
- Аэрофототопографиялық түсіру қандай аспаптар арқылы жүзеге асады ?
- Аэрофототопографиялық түсіру қандай масштабтағы топографиялық карталар арқылы жасалады ?

# Сөздерді сәйкестендіріңіздер

| | |
|---|---|
| Электромагниттік | түсіру |
| Бейнелеу | пайдаланылады |
| Радиотолқын | сауле шығару |
| Диапазоны | масштабы |
| Аэротопографиялық | көмегімен |

# Берілген сурет бойынша екі – үш сөйлем жазыңыздар



# Мәтінді оқимыз

Радиоактивтілік және оған жалғасатын иондық сәулелену Жер бетінде тіршілік пайда болғанға дейін өмір сүрді. "Иондық сәулелену" атауы физикалық табиғаты бойынша әртүрлі сәулелену түрлерін біріктіреді. Радиоактивтік материалдар Жер мен Күн жүйесінің планеталарының құрамына олар пайда болған сәттен бастап кірді. Радионуклидтер тау жаныстарында, топырақта, суда кездеседі. Олар белгілі бір деңгейде өсімдіктер, адам ұлпасы мөн мүшелерінде және хайуанаттарда да кездеседі.

- Радиоактивтілікті ашу француз ғалымы Анри Беккерелдің есімімен байланысты, ол 1896 жылы қара қағазбен жабылған фотопластинканы ағартқан уран түзының сәулеленуін анықтады. Жарыққа және 1895 жылы ашылған рентген сәулелеріне үқсастыру бойынша бүл қүбылыс радиоактивтілік атауына ие болды, яғни сәулелендіру қабілеті.
- Жер күн жүйесінің басқа планеталары сияқты әр түрлі жүлдыздардың шаңы мен газдарынан қүрылған.

- Жердің геологиялық жасы 4,5-5 млрд жыл деп есептеледі . Алғашқы геологиялық сатыдан бастап жер беті материктік көтерулер мен мұхиттық ойпандарға бөлінген. Жер қыртысында ерекше граниттік-метоморфты қабат қалыптасқан. Мантиядан бөлінген газдар арқылы алғашқы атмосфера мен гидросфера пайда болған. Жер бетінде табиғи алғашқы жағдайлардың қолайлы болғаны сонша, планеталар қалыптасқан соң миллиардтаған жылдардан кейін өмір, тіршілік пайда болды.

- Жер бетінде өмірдің пайда болуы тек қанажер планетасының болу ерекшелігімен ғана емес, сонымен бірге Күн көзінен қолайлы арақашықтықтың даманызы бар. Себебі Күн көзіне планеталар жақын орналасса, онда жылу мен жарық мөлшері көп болады да, кез келген жамылғы (жер беті) судың қайнау температураснан жоғары болады. Ал жылуды аз қабылдайды да, өте қатты суынып кетеді.

# Берілген сөйлемдерді аударыңыздар

- Радиолокация латынның локатио сөзінен енген – радиотолқын көмегімен түрлі объектілерді іздеп табу және оның орнын анықтау.
- Радиотолқындар, өлшемі толқын ұзындығынан үлкен объектілерден ғана кері шағылатын болғандықтан, іздестірілетін нысанның көлеміне қарай радиолокацияда метрлік, дециметрлік, сантиметрлік толқындар диапазоны пайдаланылады.

# Сөйлемдерді толықтырыңыздар

- Топографиялық түсіру түрлері аэрофототопографиялық, мензулалық, тахеометриялық, жер

  ______________________________________

- Радиотолқындар, өлшемі толқын ұзындығынан үлкен объектілерден ғана кері шағылатын болғандықтан, іздестірілетін нысанның көлеміне қарай радиолокацияда метрлік, дециметрлік, сантиметрлік

  ______________________________________

- Жер қыртысындағы ерекше граниттік – метеморфты

  ______________________________________

# Мәтіннен терминдерді теріп жазыңыздар

## Тапсырмалар

- Мәтін бойынша төрт – бес сұрақ дайындаңыздар
- Мәтінді аударыңыздар
- Мәтінді қысқаша мазмұндаңыздар